

**6D011700 – «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған Мухамеджанова Гульмира Таствемировнаның «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Қазақстан Республикасының ішкі саясатының аса маңызды құрамдастырылған бірі – тіл саясаты мен тіл стратегиясы бойынша ілгері шығарылып отырған талаптардың маңыздылары – қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, тілдің мәртебесін одан әрі жоғарылату үшін қоғам мүшелерінің ақпаратты қабылдау, талдау, түсіну дағдыларын жетілдіретін, қазақ сөзінің байлығын жете түсінетін және сындарлы қабылдайтын дәрежесін қалыптастыру мүддесіндегі іс-шараларды үзбей және пәрменді түрде жалғастыру. Тіл саясатының басты бағыттарын жүзеге асыруды: а) әлеуметтік-саяси тұрғыдан – талаптарды іске асыратын үйлесімді және тиімді әдістерді игеруді одан әрі дамыту; ә) лингвистикалық тұрғыдан – тіл динамикасындағы үдерістердің ғылыми-практикалық ізденістер арқылы үзбей зерделеу; б) әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан – мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру мәселелері айрықша өзекті.

Көрсетілген факторлар қоғам мүшесінің беделді бейнесін орнықтыру, лингвомәдени құзыреттілікке ие тұлға қалыптастыру міндеттерімен тікелей ұштасады.

Тіл саясатын жүзеге асырудың қол жеткізген нәтижелер мен қорытындылардан байқалатының дайындау, қазақ тілін менгертуде қазірге дейін тілдің стандартты құрылымдарына көбірек назар аударылып келді. Коммуникативтік, танымдық және ұлттық-мәдени аспектілерді шоғырландыратын лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру тілдің стандартты лексикалық-грамматикалық құрылымымен қатар тілдің байлығын, қазақ сөзінің терең бейнелігін танып-білуді, сезінуді және қолдана білуді қажет етеді. Бұл ретте қазақ сөзі байлығының құрделі тармағы және ұлттық-мәдени құбылыс – тілдің көріктеуіш құралдарының ұлт пен тіл, тіл мен мәдениет тұластықтарынан бастау алатын лингвомәдени сипатын қоғам мүшелерінің барлық топтарына, оның ішінде мектеп оқушысына таныту, менгерту айрықша маңызды.

Осындай саяси-тілдік және білім беру жүйесі үшін өзекті мәселелер, атап айтқанда, қазақ тілінің көріктеуіш құралдарының лингвомәдени сипаттарын ғылыми-практикалық тұрғыдан кешенді анықтау және көріктеуіш тілдік құралдарды жалпы орта білім жүйесінің дидактикалық базасына жүйелі түрде енгізу арқылы лингвомәдени құзыреттілікке ие тұлға қалыптастыруға, сайып келгенде, тіл саясатының жүзеге асырылуына үлес қосу зерттеу жұмысының нысанасы ретінде алынды.

Зерттеудің бірінші бөлімінде тілдің көріктеуіш құралдары жеке адамның, тұластай алғанда, бүкіл бір ұлттың қоршаған ортаны пайымдау,

оны эмоциялы сезіммен қабылдап жеткізу қызметіне тығыз байланысты екендігі, осы себепті аталған проблема логика, ұлттық философия, әдебиеттану, мәдениеттану, лингвистика салаларының тікелей объектісіне айналғандығы қазак тілтанымы мен әлемдік лингвистикадағы тұжырымдарды егжей-тегжейлі зерделеу нәтижесінде тиянақталған. Жалпы алғанда, әрбір тілдегі көріктеуіш құралдар лингвистиканың және әдебиеттандың барлық тармактарына дерлік орайластыра, диахронды-синхронды тұргыдан зерттеушілердің назарынан түскен жок; көріктеуіш құралдардың жіктемелік түрлері де жүйеленген. Осы аталғандар бойынша ізденуші негізгі және іргелі еңбектердегі қозқарастарды салыстыра келе, қазак тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды ұлттық-мәдени құбылыс, соңдықтан тілдің осы қаттауы антропоөзектік ғылыми бағыттың қатарында, әсіресе лингвомәдениеттандың аясында талдануы аса маңызды деген қорытынды жасайды. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми жаңалықтарының бірі болып табылады, өйткені зерттеу нысанасы – қазак тіліндегі көріктеуіш құралдарды лингвомәдениеттану аспектісінде қарастырудың алғашқы ұмтылысы және нәтижесі. Сонымен қатар жұмыстың жаңалықтарын айқындағы түсетін жайт ретінде көріктеуіш құралдарды лингвомәдени бірлік ретінде анықтау мүддесінде ізденуші тарапынан олардың құрамындағы компоненттерге семантикалық және компонентті талдау жүргізілуін атап еткен жөн.

Тілдің көріктеуіш құралдарын жалпы білім беру жүйесіне енгізу қазіргі кезеңде аса маңызды сипат алғып отыр; бұл жайт ең алдымен қазақ тілін толық менгерген тілдік тұлға қалыптастыру үшін айрықша мәнге ие. Жұмыстың II бөлімінде ізденуші жаңа білім беру парадигмасында көріктеуіш тілдік құралдардың әдіснамалық негіздерін ұлттық философия (білім беру – ұлттық құндылық) танымына байланыстыра талдайды; сөйлеу актісінде көріктеуіш тілдік құралдардың қолданылуы адресаттың сана-танымының көрсеткіші болып табылатындығын дәлелдейді. Бұл сонымен қатар психолингвистиканың да аспектісі.

Көріктеуіш тілдік құралдарды менгертудің маңызы – біріншіден, мектеп оқушысының сауаттылық деңгейін жоғарылату және сөз мәдениетіне төсөлдіру. Осы мәселелерді анықтаудың педагогикалық негіздерін жан-жақты қарастыра отырып, зерттеуші көрсетілгендерге қол жеткізу үшін жалпы білім беру жүйесінде көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың аса қажеттілігін дәлелдеген.

Осыған байланысты III бөлімде көріктеуіш тілдік құралдарды оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылған. Қолданыстағы мектеп оқулықтарында көріктеуіш тілдік құралдар бойынша мазмұнды талдай, эксперимент нәтижелерін қорытындылай отырып, зерттеуші көріктеуіш құралдарды менгертудің кешенді жүйесін – таңдау пәнінің оку бағдарламасын, дағдыландыру тапсырмаларын, қазақ тіліндегі тілдік көріктеуіш құралдарды игертудің оқушылардың білімі мен білігін, қабілеті мен дағдысын, лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудары рөлін анықтауға мүмкіндік беретін басқа да әдіснамалық және әдістемелік жобаларды ұсынған.

Ізденуші Г.Т. Мухамеджанова берілген тапсырмаларды орындауда, кеңес барысында айтылған ойларды одан әрі терендете дамытуда біліктілік, ғылым жолындағы жауапкершілік пен құлышының, өзіне талапшылдық пен үдайы ізденіс таныта білді.

«Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі» атты диссертациялық жұмыс ғылыми аппараты дұрыс, Қазақстан Республикасы БГМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін, тілтаным мен тілді оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасының одан әрі дамытылуына үлес қоса алғын толық аяқталған зерттеу; осы аталғандардың негізінде ізденуші Г.Т. Мухамеджановының зерттеуі 6D011700 – «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға дайын деп бағаланады.

**Ғылыми кеңесші**  
**филология ғылымдарының докторы**  
профессор

« 24 » қазан, 2016 жыл.



А. Алдаш